

Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 744 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12525 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 42) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 28) тармақшасына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 10.10.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығына нақтылау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министрі

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А.С.Мамытбеков _____

2015 жылғы 3 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 744 бұйрығымен
бекітілді

Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 10.10.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 42) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 28) тармақшасына сәйкес әзірленді және уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарының органдарының мамандары шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 10.10.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккор (бұдан әрі – АШЖ БҚ) – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың

иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көпденгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын жануардың иесі туралы деректерді және ветеринария саласындағы уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алудың бір бөлігі;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы);

3) электрондық шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – ЭШБЕА БҚ) – кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне шаруашылық бойынша есепке алу деректерін енгізуге, түзетуді және сақтауды жүзеге асыруға, сондай-ақ енгізілген ақпарат негізінде жиынтық біріктірілген деректерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету.

3. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарының лауазымды адамдары мынадай бағыттар бойынша:

1) шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізудің Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 15 шілдедегі № 6334 болып тіркелген "Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснама" (бұдан әрі – Әдіснама) талаптарына сәйкестігін;

2) шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің жазбаларын тұрғын үй қоры статистикалық тіркелімінің (бұдан әрі – ТҚСТ) деректерімен салыстыру арқылы нақтылауды;

3) АЖБ ДБ бар ақпаратты қолданып, шаруашылық бойынша есепке алу жазбаларын нақтылауды жүзеге асырады.

4. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің дұрыстығын нақтылау Заңның 12 -1-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 10.10.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 10.10.2025 № 26 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік статистика саласындағы Тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлеріне сәйкес бекітілген Іріктемелі тексеру жүргізу тізімін (бұдан әрі – Тізім) уәкілетті орган ведомствосы қалыптастырады.

6. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу іс-шарасы екі кезең бойынша жүргізіледі.

1) бірінші кезеңде Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізудің Әдіснама талаптарының сәйкессіздіктерін анықтау, ЭШБЕА БҚ-дағы жазбаларды АШЖ БҚ және ТҚСТ деректерімен салыстыру жұмыстарын жүргізуді қамтиды.

Шаруашылық бойынша есепке алудың ЭШБЕА БҚ "Тұрғын үй жағдайлары" бөлімі бойынша нақтылау ТҚСТ деректерімен іріктеп салыстыру арқылы жүргізіледі.

Бұл салыстыруды жүргізу үшін уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдары ТҚСТ деректерінің негізінде нақтылаумен қамтылған елді мекен бойынша тұрғын үйлердің қалыптастырады.

Тізбеде үйдің сәйкестендіру коды, үй шаруашылығының жеке шоты, жер учаскесінің кадастрлік нөмірі, үй типі, үйдің жағдайы, меншік түрі, жалпы және тұрғын үй алаңының мөлшері, бөлме саны, абаттандырудың болуы, сыртқы қабырғалардың материалдары, тұратындардың саны және үй шаруашылықтарының саны көрсетіле отырып, елді мекеннің үйлері бойынша ақпарат қамтылады.

Салыстыру үшін үй саны шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға түсетін жүктемені ескере отырып анықталады.

Үйдің сәйкестендіру коды бойынша ТҚСТ деректерімен нақтылау кезінде жалпы және тұрғын алаң көлемінің, тұрғын үй типінің, тұрғын үйдің меншік түрінің, бөлмелер санының, сыртқы қабырға материалдарының, тұрғын үй-жайды абаттандырудың (электр, су құбыры, ыстық сумен қамтамасыз ету, кәріз, ванна, себезгі, жылу электр орталықтарынан жылыту, жеке қондырғылардан жылыту, газ, электр пеші, жеке су жылытқыштан ыстық сумен жабдықтау, пештен жылыту) сәйкестігіне жазбаларды салыстыру жүзеге асырылады.

2) екінші кезеңдегі жұмыстарды жүргізу тәртібі АЖБ ДБ-да қамтылған ақпаратты пайдаланып, үй шаруашылықтарына бару арқылы ЭШБЕА БҚ жазбаларын нақтылау жұмыстарын жүргізуді қамтиды.

Уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органының лауазымды адамы аралауға жататын үй шаруашылықтарының саны мен тізбесін анықтайды.

Аралатуға қажетті үй шаруашылықтарының саны шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға түсетін жүктемені ескере отырып анықталады.

Уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органының лауазымды адамы ветеринария саласындағы маманмен бірлесіп (келісім бойынша) баруға жататын үй шаруашылықтарының тізбесі бойынша ЭШБЕА БҚ-да АЖБ ДБ көрсеткіштерімен жануарлардың түрлері және саны бойынша нақтылауды жүзеге асырады.

АЖБ ДБ-да іздестіру үй шаруашылығы иесінің немесе мүшесінің ЖСН-і немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) бойынша жүргізіледі.

Бұдан әрі ЭШБЕА БҚ "Шаруашылықтың жеке меншігі болып табылатын мал (басы)" бөлімінде көрсетілген мал басының саны бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының саны АЖБ ДБ-дағы ауыл шаруашылығы малының саны бойынша жазбалар санымен салыстырылып тексеріледі. Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен саны бойынша ЭШБЕА БҚ-да нақты үй шаруашылығы бойынша ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдайға сәйкес деректерін нақтылау ағымдағы жылғы 1 қаңтардан және 1 шілдеден кейін болған ауылшаруашылығы жануарларының қозғалысын (сатып алынуын, төлдеуін және қатардан шығуын) есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының қозғалысын есепке алу үшін АЖБ ДБ "Есепке қою күні" және "Есептен шығарылу себебі" бағандарындағы ақпарат пайдаланылады.

ЭШБЕА БҚ деректерін нақтылау және олардың анықтығын растау үшін кенттің, ауылдың, ауылдық округ әкімінің немесе әкімдігінің, уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарының лауазымды адамдарының қатысуымен және ветеринария саласындағы маманмен (келісім бойынша) бірге үй шаруашылықтарына бару жүзеге асырылады.

Үй шаруашылықтарын аралау кезінде шаруашылық бойынша есепке алудың тіркеу жазбаларын нақтылау ауылшаруашылық жануарларын нақты қайта есептеу және картоп, көкөністер мен жеміс-жидектер және басқа да дақылдарға арналған егістік алаңдарын өлшеу арқылы жүргізіледі.

Егер нақты қайта есептеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда нақтылау ауылшаруашылық жануарларының және егістік алаңдарының нақты болуы туралы үй шаруашылығының иесі немесе осы үй шаруашылығының кәмелетке толған мүшесіне пікіртерім жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

7. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығына жүргізілген нақтылау қорытындысы бойынша уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарының лауазымды адамдары осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндетті түрде Шаруашылық бойынша есепке алуды тіркеу жазбаларының сәйкессіздігі немесе сәйкестігі туралы акт (бұдан әрі – Акт) жасайды.

Акт үш данада жасалады.

Актінің бір данасы ауылдық округтің әкімдігі үшін, екіншісі ветеринария саласындағы маман үшін, үшіншісі уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органы үшін.

8. Шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізудің Әдіснаманың талаптарына сәйкессіздігі, сондай-ақ АЖБ ДБ-дағы деректермен сәйкессіздіктері анықталған жағдайда сәйкессіздіктер туралы ақпаратты уәкілетті орган ведомствосының аудандық статистика органдарының лауазымды адамдары еркін нысанда құрастырылатын қорытынды анықтамада көрсетеді және тоқсан сайын аудан әкіміне және Актінің (актілердің) көшірмесі қосымшасымен статистика уәкілетті органы ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарына жібереді.

9. Үй шаруашылығы иесінің немесе осы шаруашылықтың кәмелетке толған мүшесінің анықсыз деректерді ұсынуы анықталған жағдайда кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі немесе жергілікті атқарушы органның маманы немесе ветеринария саласындағы маман ЭШБЕА БК немесе АЖБ ДБ-ға тиісті өзгерістер енгізеді.

Анықталған сәйкессіздіктер туралы ақпарат уәкілетті орган ведомствосының аудандық статистика органдарының лауазымды адамдары қорытынды анықтамада көрсетеді және үй шаруашылығының иесімен немесе үй шаруашылығының кәмелетке толған мүшесімен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

10. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі және ветеринария саласындағы маман нақтылау негізінде анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты алған кезде сәйкессіздіктердің Актіде көрсетілген мерзімде тиісінше жойылуын қамтамасыз етеді және уәкілетті орган ведомствосының аудандық статистика органына атқарылған жұмыс туралы ақпарат жібереді.

3-тарау. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды қорытындылау бойынша уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарының іс-әрекеті

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 10.10.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері сәйкессіздіктерді жою бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес Актіде көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдары іріктемелі тексеру барысында анықталған сәйкессіздіктерді жою талаптарымен ақпарат қалыптастырады және жоғарғы тұрған жергілікті атқарушы органға үш жұмыс күні ішінде жібереді.

12. Аудандық статистика органдары тиісті уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органына ай сайын келесі айдың 3-ші күніне дейінгі мерзімде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Актілер мен шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығына нақтылау жүргізу туралы ақпарат жолдайды.

13. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері лауазымды адамдарын әкімшілік жауапкершілікке тарту ("Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 62-бабының 1-тармағына сәйкес) мүмкін болмаған жағдайда статистика органдары әкімнен сәйкессіздіктерді жою туралы ақпарат алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға және шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізуге жауапты лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін аудандардың әкімдіктеріне материалдар жолдайды.

14. Бұзушылыққа жол берген лауазымды адамдарға қатысты қолданылған шаралар туралы ақпаратты, атап айтқанда тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар туралы бұйрықтың көшірмесін не тәртіптік жауапкершілікке тартудың мүмкін болмау себептері туралы ақпаратты аудандардың әкімдіктері нақтылау қорытындылары туралы ақпаратты алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарына ұсынады.

15. Нақтылаудың қорытындылары бойынша уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдарына есепті тоқсаннан кейінгі он жұмыс күні ішінде тиісті облыс әкімінің атына тәртіптік жазаға тарту туралы аудандық әкімдіктердің жауаптарын қоса ұсына отырып анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты тоқсан сайын жолдайды.

16. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылау жүргізу нәтижелері бойынша кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің жауапкершілікке тартылған әкімдері туралы ақпаратты уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық статистика органдары уәкілетті орган ведомствосына есепті тоқсаннан кейінгі он бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес тапсырады

Шаруашылық бойынша есепке алу
деректерінің анықтығын нақтылауды
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

" _____ облысының Статистика департаменті" ММ
_____ ауданының статистика басқармасы

Шаруашылық бойынша есепке алу нысандары бойынша тіркеу

жазбаларының сәйкессіздігі немесе сәйкестігі туралы

АКТІ

_____ ауданының

_____ кенті, ауылы, 20__ жылғы " ____ " _____

ауылдық округі

Біз, төменде қол қоюшылар, мемлекеттік статистика саласындағы
уәкілетті органның өкілдері:

_____ әкімінің қатысуымен

"Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы
Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабының, 16-бабының және
Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі негізінде шаруашылық
бойынша есепке алу нысандарындағы тіркеу жазбаларына салыстыруды
жүргіздік.

Салыстыру нәтижелері бойынша мемлекеттік статистика саласындағы
уәкілетті органға әкімнің "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің 499-бабында көзделген дәйексіз
әкімшілік деректерді ұсынуының мынадай фактілері анықталды:

Бұзушылықтарды жою мерзімдері: осы Актіге қол қойылған күннен бастап
5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Ескертпе (орындалғаны туралы ақпарат Актіге қол қойылғаннан кейін 10
жұмыс күні ішінде аумақтық статистика органына ұсынылады).

Қолдары _____ Мөрге арналған орын

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

және әкімнің қолы _____

_____ Мөрге арналған орын

Ескерту (әкім қол қоюдан бас тартқан жағдайда "Қол қоюдан бас тартты"
деген жазу жазылады және күні қойылады).

Шаруашылық бойынша есепке алу
деректерінің анықтығын нақтылауды
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу
туралы

20__ жылғы _____ ақпарат

(айы)

Облыс _____

Аудан _____

Кент, ауыл, ауылдық округ _____

р/н №	Елді мекеннің (кенттің, ауылдың, ауылдық округтің) атауы	Үй шаруашылық тарының жалпы саны	Бірінші кезеңде анықталған сәйкессіздікте р саны	Екінші кезеңде барған үй шаруашылық тарының саны	Сәйкессіздікт ер анықталған үй шаруашылық тарының саны	Бұзушылықта рды жою бойынша қабылданған шаралар (ЭШБЕА БҚ өзгерістер енгізілді, акт жазылды, қорытынды анықтама бойынша әкімшілік жазас қолданылды және кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері тәртіптік жауапкершілі кке тартылды)
1	2	3	4	5	6	7
	Барлығы					

Шаруашылық бойынша есепке алу
деректерінің анықтығына
нақтылауды жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды
жүргізу нәтижелері бойынша әкімдерді жауапкершілікке тарту туралы
20__ жылғы _____ тоқсандағы ақпарат

Облыс _____

р/с №	Облыс ауданының атауы	Ауылдық округтердің саны			Үй шаруашылықтарының саны		Тартылған адамдар, саны	
		барлығы	барылғаны	сәйкессізді ктер анықталға ны	барылғаны	сәйкессізді ктер анықталға ны	әкімшілік жауапкер шілікке	тәртіптік жауапкер шілікке
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы							

